

■ Мерей

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, БІЛІКТІ БАСШЫ

фияның, соның ішінде импакт - факторы бар шетелдік Халықаралық ғылыми басылымдарда жарық көрген мақалалардың авторы. Осы орайда қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытов туралы «Оңтүстік жастарын сауаттандыруға үлес қосқан Алаш арысы», көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист Сұлтанбек Қожанов туралы «Сұлтанбек Қожанов — «Ақ жол» газетінің алғашқы редакторы», «Оңтүстікте айыпталған Алаш ардақтылары», көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, сыншы, көсемсөзші, ақын, аудармашы, ғалым Сейілбек Үсеновтің Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасына сыны», «С. Үсенов және «Әдебиет майданы», С. Үсенов туралы «Халық жауы» атанған қаламгер», «Алаш рухының жаршысы С. Үсенов», Сейілбек және Әшірбек Үсеновтер жайлы «Қызыл қырғынның құрбаны болған ағайындылар», Сұлтанбек Садықбеков туралы «Саяси жазалаудың құрбаны болған парасатты педагог», «Соғыс жылдарындағы Шымкент», «Түркістан легионы» қатарында болған Оңтүстік қазақстандықтардың аянышты тағдырына қатысты «Тасада қалған тұтқындар тағдыры», «Түркістан легионында» тұтқында болғандар ақталатын мезгіл жетті», Ұлы Отан соғысының ардагері Талқа Әуелұлы туралы «Жеңіс шеруіне қатысқан қазақ», тағы басқа еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылғанын бәріңіз жақсы білесіздер. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш зиялысының ұрпағы ретінде Сейдехан



Әлібек бұл зерттеуге өзінің сүбелі үлесін қосуға ниеттенген. Осылайша ол ата-бабалары жөніндегі тың деректерді тарих беттеріне шығаруға белсене атсаласуда.

Парасатты педагог Сейдехан Әлібектің ел игілігі жолындағы, білім мен ғылым саласындағы еселі еңбегі еленіп, «Қазақстан Республикасы Білім беру саласының Құрметті қызметкері» төсбелгісімен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен (2001 жыл), Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысы және Шымкент қаласы әкімдерінің Алғыс хаттарымен марапатталған. 2010 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанған. 2021 жылы «Үздік ұстаз» республикалық тәуелсіз қоғамдық байқауының жеңімпазы атанған. Отбасылы, төрт ұл-қыздан бірнеше немере сүйіп отырған жағдайы бар.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміздің М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті колледжінің директоры лауазымында атқарып отырған жұмыстары да ұшан-теңіз дер едік. Арнаулы орта оқу орны 16 мамандық бойынша кадрлар даярлайды. Жоғары білікті тәжірибелі ұстаздар дәріс береді. Студенттердің сапалы білім алуы үшін барлық жағдай жасалған. Оқу процесінде заманауи педагогикалық технологиялар тиімді қолданылуда. Кітапханалар, оқу залдары, электрондық оқу залдары оларға тегін қызмет көрсетеді. Ғылыми ізденіс үйірмелер, шығармашылық студиялар, спорттық үйірмелер жастардың сабақтан тыс уақытына мазмұнды әрі қызықты өткізуіне септігін тигізуде. Оқу ғимаратына жақын орналасқан стадион, спорт залы мен жатақхана да студенттер игілігіне қызмет етуде. Мұның барлығы жастардың алаңсыз білім алуына игі ықпал етуде. Міне, осындай сан салалы педагогикалық қызметтің бәріне сүйікті ұстазымыз жанды басшылық жасап жүргені біз, жас мамандар үшін үлкен мерей, мақтаныш. Сөз соңында ұлағатты ұстаз, білікті басшы, танымал тұлға Сейдехан Нұрмаханұлы Әлібек ағайымызды туылған күнімен шын жүректен құттықтап, оған зор денсаулық, отбасына амандық, ұзақ та бақытты ғұмыр мен шығармашылық табыс тілегіміз келеді.

Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті
Ақпараттық білім беру
орталығының кітапханашысы, ОҚУ
колледжінің оқытушысы.
Шымкент қаласы.